

ХАТТАМА №13

11 қараша 2025 ж.

**«Машина жасау» бағыты бойынша Диссертациялық кеңес
(БББТ D103 – «Механика және металл өңдеу», БББТ D113 Материалдарды
қысыммен өңдеу технологиясы)**

Төраға: Елемесов Қасым Көптілеуұлы, т.ғ.к., профессор.

Ғылыми хатшы: Басқанбаева Динара Жұмабайқызы, PhD докторы,
қауымдастырылған профессор

Катыскандар:

Төраға: Елемесов Қасым Көптілеуұлы, т.ғ.к., профессор;

Төрағаның орынбасары: Абсадыков Бахыт Нарикбаевич, т.ғ.д., профессор;

Ғылыми хатшы: Басқанбаева Динара Жұмабайқызы, PhD докторы,
қауымдастырылған профессор.

Дисс. кеңес мүшелері:

Тошов Жавохир Буриевич - т.ғ.д., профессор, И.Каримов атындағы Ташкент
мемлекеттік техникалық университеті.

Докторанттың шетелдік ғылыми кеңесшісі:

Кольга Анатолий Дмитриевич – техника ғылымдарының докторы, "Металдар
технологиясы және машиналарды жөндеу" кафедрасының профессоры, Федералды
мемлекеттік бюджеттік жоғары білім беру мекемесі Орал мемлекеттік аграрлық
университеті, Екатеринбург қаласы, Ресей.

Докторанттың отандық ғылыми кеңесшісі:

Бортебаев Сайын Абильханович – техника ғылымдарының кандидаты,
«Технологиялық машиналар және газ турбиналық қондырғылар»
кафедрасының қауымдастырылған профессоры, Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық
техникалық зерттеу университеті, Алматы қаласы, Қазақстан.

Докторант: Сағатова Ләйла Бақытжанқызы

Қатысты – кеңестің барлық мүшелері.

Келмегендер – жоқ.

Кворум бар.

Төраға. Құрметті диссертациялық кеңестің мүшелері, бүгінгі отырысқа кеңестің
барлық мүшелері қатысуда. Кворум бар. Кеңес жұмысын бастау туралы ұсыныс бар.

Дауыс береміз:

Келісемін – бірауыздан;

Қарсы: жоқ;

Қалыс қалғандар – жоқ.

Кеңес мүшелерінің күн тәртібі бар. Күн тәртібін бекіту үшін кім келіседі?

Дауыс береміз:

Келісемін – бірауыздан;

Қарсы – жоқ;

Қалыс қалғандар – жоқ.

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Докторант Сағатова Ләйла Бақытжанқызының докторлық диссертацияны қорғауға қабылдау және қорғау күнін бекіту үшін берген өтінішін қарау;
2. «Қ. И. Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ» КеАҚ 029-03-04-02.2.02-2024 Т Ережесіне сәйкес 2.3-тармақтың талаптарына сәйкес диссертациялық Кеңестің (бұдан әрі-ДК) уақытша мүшелерінің кандидатураларын қарау;
3. Докторант үшін ұсынылған ресми рецензенттердің кандидатураларын 029-03-04-02.2.02-2024 Ережесіне сәйкес қарау.

ТЫҢДАДЫ:

Бірінші мәселе бойынша т.ғ.к., профессор, кеңес төрағасы Елемесов Қ. К. сөз сөйледі. 31.03.2021 жылғы ҚР БҒМ №126-шы бұйрығымен бекітілген (14.06.2024 ж. ҚР ҒЖЖБМ №294-ші бұйрығына сәйкес өзгентулер енгізілген) Диссертациялық Кеңес туралы жаңа Үлгілік ережеге сәйкес біз, «Машина жасау» бағыты бойынша докторанттың қорғауға қабылдау мүмкінгі туралы өтінішін қорғауға қабылдаймыз.

Докторант Сағатова Ләйла Бақытжанқызының докторлық диссертациясын қорғауға қабылдау және қорғау күнін беркіту үшін өтініш түсті. Диссертация тақырыбы «Сорғы қондырғыларын пайдаланудың сандық мониторингін игеру». «Қ. И. Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ» КеАҚ 029-03-04-02.2.02-2024 ережесіне сәйкес диссертациялық жұмысты қарастырамыз.

Ғылыми хатшы Д. Ж. Басқанбаева сөз сөйлеп, ДК-да берілген құжаттардың тізбесін жариялап, докторант берген құжаттар «Қ. И. Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ» КеАҚ 029-03-04-02.2.02-2024 ережелерімен қойылатын тізбе мен талаптарға сәйкес келетіндігін, докторанттың диссертациясын қорғау жөнінде Л.Б. Сағатова жайлы ДК шешім қабылдай алатынын атап өтті.

Диссертациялық кеңеске докторант келесі құжаттарды ұсынды:

- диссертацияны қорғауға қабылдау туралы диссертациялық Кеңес төрағасының атына өтініш;
- консультанттың жұмыс орны бойынша расталған отандық және шетелдік ғылыми консультанттардың пікірлері;
- докторант оқудан өткен жоғары оқу орнының жетекшілік ететін проректоры бекіткен диссертация оң қорытындымен және қорғауға ұсынымымен орындалған кафедраның кеңейтілген отырысының хаттамасы;
- қатты мұқабалы диссертация, 3 (үш) данада және электронды тасымалдағышта (CD-дискіде) (егер диссертация диссертациялық жұмыс түрінде қорғалған жағдайда);
- докторант оқыған ЖОО-ның бас ғалым хатшысы куәландырған ғылыми еңбектер тізімі және басылымдардың көшірмелері;
- докторант оқыған ЖОО-ның этикалық комиссиясының зерттеу объектілерінің (тірі табиғат объектілері мен мекендеу ортасының) құқықтарының, қауіпсіздігі мен әл-ауқатын қорғауды қоса алғанда, ғылыми зерттеулердің нәтижелерін жоспарлау, бағалау, іріктеу, жүргізу және тарату процесінде бұзушылықтардың жоқтығы туралы қорытындысы.

Екінші мәселе бойынша Төраға т.ғ.к., профессор Елемесов Қ. К. жаңа ережелер бойынша ДК құрамына ғылыми дәрежесі бар және осы ДК саласында ғылыми зерттеулермен белсенді айналысатын, докторанттарды даярлау бағытымен сәйкес келетін, сондай-ақ Clarivate Analytics компаниясының деректер базасында нөлдік емес импакт-факторы бар журналдарда соңғы 5 жылда кемінде 5 жарияланым бар кеңестің уақытша мүшелері кіретінін (Web of Science) және/немес Scopus және Хирш индексі кемінде 2-ден жоғары болу керектігін атап өтті.

ШКІРТАЛАС: Тұрақты диссертациялық кеңестің мүшелері уақытша кеңестің үміткерлерінің кандидатураларын талқылады. Талқылаудан кейін осы талаптарға сәйкес келесі мамандардың кандидатуралары ұсынылды:

1) Ногаев Кайрош Абилович – техника ғылымдарының кандидаты, «Технологиялық машиналар және көлік» кафедрасының доценті, Қарағанды индустриялық университеті, (Теміртау қ.). CiteScore бойынша 35-тен жоғары 9 ғылыми жарияланым бар, Хирш индексі -3;

2) Алшынова Айман Медеубекқызы - PhD докторы, «Өндірістік үдерістердің машиналары және аппараттары» кафедрасының қауымдастырылған профессоры, Алматы технологиялық университеті (Алматы қ.). CiteScore бойынша 35-тен жоғары 3 ғылыми жарияланым бар. Хирш индексі -2.

3) Чучвага Николай Алексеевич - PhD докторы, ғылыми-зерттеу қызметі жөніндегі директор орынбасары, Физика-техникалық институты (Алматы қ.). CiteScore бойынша 35-тен жоғары 6 ғылыми жарияланым бар. Хирш индексі -4.

Дауыс берулеріңізді сұраймын:

Келісті – бірауыздан;

Қарсы – жоқ;

Үшінші мәселе бойынша кеңес төрағасы, т.ғ.қ., профессор Елемесов Қ. К., сөз сөйледі. Жаңа талаптарға сәйкес біз диссертация тақырыбы бойынша докторанттың ресми рецензенттерін қарап, таратуымыз керек. Докторанттың зерттеу саласында кемінде 5 (бес) ғылыми мақаласы бар бейіні бойынша дәрежелі мамандардың кандидатураларын беруіңізді сұраймын:

ШКІРТАЛАС: Тұрақты диссертациялық кеңестің мүшелері диссертация тақырыбы бойынша докторанттың ресми рецензенттерінің кандидатураларын талқылады. Осы талаптарға сәйкес талқылаудан кейін келесі мамандардың кандидатуралары ұсынылды:

Докторант Сағатова Л.Б. «Сорғы қондырғыларын пайдаланудың сандық мониторингін игеру» тақырыбы бойынша келесі мамандарға ұсынылсын:

1) Тұрдалиев Әуезхан Тұрдалиұлы, техника ғылымдарының докторы, профессор. Халықаралық көлік-гуманитарлық университетінің ректоры (Алматы қ.). CiteScore бойынша 35-тен жоғары 8 ғылыми жарияланым бар, Хирш индексі -3;

2) Мурзахметова Ұлбала Асқарбековна - техника ғылымдарының кандидаты, доцент, Л.Б. Гончаров атындағы Қазақ автомобиль-жол институты (Алматы қ.), h-индекс - 2.

Дауыс берулеріңізді сұраймын:

Келісемін – бірауыздан;

Қарсы – жоқ;

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

1. Л.Б. Сағатованың докторлық диссертациясын қорғау 19 желтоқсан сағат 14:00-де Қ.И. Сәтбаев атындағы қазақ ұлттық зерттеу техникалық университетінде 050013, Алматы қ., Сәтбаев к., 22, Мұнай ғимараты, 706 ауд. мекен-жайы бойынша өтеді, сонымен қатар онлайн форматқа қатысу үшін сілтеме:

<https://teams.microsoft.com/meet/4918676328367?p=BRVS0y0jY3kqvCyP3R>

2. 8D07110 – «Машиналар мен жабдықтардың сандық инженериясы» білім беру бағдарламасы бойынша Сағатова Ләйла Бақытжанқызы үшін «Машина жасау» бағыты бойынша диссертациялық кеңестің уақытша мүшелері бекітілсін:

1) Ногаев Кайрош Абилович – техника ғылымдарының кандидаты, «Технологиялық машиналар және көлік» кафедрасының доценті, Қарағанды индустриялық университеті, (Теміртау қ.). CiteScore бойынша 35-тен жоғары 9 ғылыми жарияланым бар, Хирш индексі -3;

2) Алшынова Айман Медеубекқызы - PhD докторы, «Өндірістік үдерістердің машиналары және аппараттары» кафедрасының қауымдастырылған профессоры, Алматы технологиялық университеті (Алматы қ.). CiteScore бойынша 35-тен жоғары 3 ғылыми жарияланым бар. Хирш индексі -2.

3) Чучвага Николай Алексеевич - - PhD докторы, ғылыми-зерттеу қызметі жөніндегі директор орынбасары, Физика-техникалық институты (Алматы қ.). CiteScore бойынша 35-тен жоғары 6 ғылыми жарияланым бар. Хирш индексі -4.

3. Докторант үшін ресми рецензенттер бекітілсін:

Докторант Л.Б. Сағатоваға ресми рецензенттер:

1) Тұрдалиев Әуезхан Тұрдалиұлы, техника ғылымдарының докторы, профессор. Халықаралық көлік-гуманитарлық университетінің ректоры (Алматы қ.). CiteScore бойынша 35-тен жоғары 8 ғылыми жарияланым бар, Хирш индексі -3;

2) Мурзахметова Ұлбала Асқарбековна - техника ғылымдарының кандидаты, доцент, Л.Б. Гончаров атындағы Қазақ автомобиль-жол институты (Алматы қ.), h-индекс 2.

Дауыс беру нәтижелері:

Келісемін – барлығы;

Қарсы – жоқ;

Қалыс қалғандар – жоқ.

**«Машина жасау» бағыты бойынша
(БББТ D103 – «Механика және металл
өңдеу», БББТ D113 Материалдарды
қысыммен өңдеу технологиясы)
Диссертациялық Кеңестің Төрағасы,
т.ғ.қ., профессор**

**Ғылыми хатшы,
PhD докторы, қауымд.профессор**



Қ. К. Елемесов

Д. Ж. Басқанбаева